КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№4799-26-00-2а/746 Судья:А.О.Аташева

Қ А У Л Ы

2026 жыл 30 шілде Ақтау қаласы

Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші судья Г.К.Бакытжанова,

алқа судьялары: Н.М.Примашев, А.Н.Ахметова,

хатшылықта А.Сактаганова отырып,

талап қоюшы өкілі М.А.Қазақтың,

жауапкер өкілі А.Т.Ермековтің,

аудармашы Г.Айткулованың қатысуларымен,

Маңғыстау облыстық сотының сот ғимаратында, дыбыс-бейне жазба құралын пайдаланумен өткен ашық сот отырысында, электронды іс

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 20 сәуірдегі шешіміне талап қоюшы өкілінің апелляциялық шағымымен келіп түскен,

талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Onai Docs» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

2026 жылы 12 қаңтарда тараптар арасында жалпы сомасы 17 808 000 теңге құрайтын №030240000329/260099/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты (әрі қарай-Шарт 1) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер 01.2026 жылдан бастап 12.2026 жылға дейін 1 жылға 1000 пайдаланушыға "электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесі және бизнес- процестерді автоматтандыру" сервисін (әрі қарай- жүйе) ұсыну міндеттенген.

Техникалық ерекшеліктің (шарттың №16 қосымшасы) 2.10-тармағына сәйкес жүйені енгізу мерзімі шартқа қол қойылғаннан және Тапсырыс берушіден ақпарат берілгеннен кейін 15 жұмыс күнін құрайды (пайдаланушылар тізімі, істер номенклатурасы, тіркеу нөмірлерінің шаблондары, қол жеткізу құқықтары жөніндегі топтар). Жүйені енгізу мерзімі – 2 ақпан 2026 жыл болып табылады.

11 ақпан 2026 жылы тапсырыс беруші тарапынан жауапкермен енгізілген жүйеге тексеру жүргізіп, жүйенің Шарт талаптарына сәйкес келмеуі туралы акт жасақталған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 20 сәуірдегі шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Бақытжанова Г. К., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 03.08.2026

Талап қоюшы өкілі сот шешімімен келіспей, жауапкер шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемені тиісті түрде орындамағанын, бірінші саты соты іс құжаттарына сәйкес келмейтін қорытынды жасағанын көрсетіп, сот шешімінің күшін жоюды, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Сот алқасы, талап қоюшы өкілінің апелляциялық шағымын қолдаған, жауапкердің сот шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған пікірлерін тыңдап, іс құжаттары мен апелляциялық шағымның уәждерін зерделеп, істегі дәлелдемелерді зерттеп, алқа төмендегідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 427-бабының 1-бөлігінде апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіз болып табылатын мән-жайлар көзделген.

Апелляциялық сот алқасының пікірінше, бірінші сатыдағы сотпен мұндай кемшіліктерге жол берілген.

Шағым келтіріліп отырған сот актісінен көрініп тұрғандай, сотпен іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымы дұрыс айқындалып, анықталмаған, шешімде баяндалған сот түйіндері істің мән-жайына сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Осы кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік

4799-26-3-2/747

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Бакытжанова Г. К., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 03.08.2026

сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Іс құжаттарынан көрінгендей және бірінші саты сотымен анықталғандай шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер 01.2026 жылдан бастап 12.2026 жылға дейін 1 жылға 1000 пайдаланушыға "электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесі және бизнес- процестерді автоматтандыру" сервисін ұсынуға міндеттенген.

Техникалық ерекшеліктің (шарттың №16 қосымшасы) 2.10-тармағына сәйкес жүйені енгізу мерзімі шартқа қол қойылғаннан және Тапсырыс берушіден ақпарат берілгеннен кейін 15 жұмыс күнін құрайды (пайдаланушылар тізімі, істер номенклатурасы, тіркеу нөмірлерінің шаблондары, қол жеткізу құқықтары жөніндегі топтар).

11 ақпан 2026 жылы тапсырыс беруші тарапынан жауапкермен енгізілген жүйеге тексеру жүргізіп, жүйенің Шарт талаптарына сәйкес келмеуі туралы акт жасақталған.

Бірінші саты соты талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдау барысында шарттың 4.3 тармағына сай тапсырыс беруші жауапкермен енгізілген жүйенің техникалық ерекшеліккке сәйкестігін тексеру үшін Өнім берушіге жазбаша түрде алдын ала хабарламағанын, жауапкермен көрсетілген қызметтің Шарт талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, жауапкерге оларды жою үшін 15 күнтізбелік күн беруі қажет екендігін, алайда тапсырыс беруші 11 ақпан 2026 жылы жауапкерге тиісті жазбаша хабарлама бермей, бір жақты енгізілген жүйеге тексеріс жүргізіп, акт жасақтағанын, жауапкерге кемшіліктерді жою үшін уақыт бермегенін, жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауға мүмкіндігі болмағанын негізге алған.

Алқа, бірінші саты сотының бұл тұжырымдарын қате деп есептейді.

Өйткені, Техникалық ерекшеліктің (шарттың №16 қосымшасы) 2.10-тармағына сәйкес жүйені енгізу мерзімі 2 ақпан 2026 жыл.

Өнім беруші 2026 жылғы 2 ақпанда мемлекеттік сатып алу шарттың Техникалық ерекшелігінің 2.10-тармағына сәйкес, жүйені енгізіп, тапсырыс берушіге ұсынбаған, яғни міндеттемелерін тиісінше орындамаған, орындау мерзімін өткізіп алған.

Тараптардың арасында көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылмаған, жұмыстардың орындалғанын растайтын дәлелдеме жоқ.

Шарттың 5.2-тармағына сәйкес қызмет жеткізуші шарт талаптарын толық және тиісті түрде орындаған жағдайда ғана көрсетілген болып есептеледі.

Жауапкер тарапынан шарт талаптарының тиісті түрде орындалмауы мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы өрескел бұзу болып табылады.

Істің мұндай тұрғысында, алқа, бірінші саты соты істегі ұсынылған дәлелдемелерге қате баға беріп, материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданбағандықтан, алқа, сот шешімінің күшін жойып, жауапкер «Onai Docs» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы жаңа шешім қабылдайды.

4799-26-3-2/747

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Бакытжанова Г. К., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 03.08.2026

Апелляциялық шағымды қанағаттандырады.

Жауапкер «Onai Docs» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай, мемлекет пайдасына 2163 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 424-бабының 1-бөлігінің 3)-тармақшасы мен 426- бабын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ :

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 20 сәуірдегі шешімінің күші жойылсын, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдансын.

Жауапкер «Onai Docs» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Onai Docs» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар қаулымен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сай, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап, алты ай мерзімде кассациялық тәртіпте шағым, наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші Г.К.Бакытжанова

Алқа судьялары Н.М.Примашев

А.Н.Ахметова

4799-26-3-2/747

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Бакытжанова Г. К., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 03.08.2026
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 03.08.2026

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:
- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911

4799-26-3-2/747